

## Абай ауданы бойынша шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелерін 2022 жылға бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Абай аудандық мәслихатының 2022 жылғы 17 мамырдағы № 22/3-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 24 мамырда № 28186 болып тіркелді. Күші жойылды - Абай облысы Абай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 4 шілдедегі № 4/8-VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 10 шілдеде № 95-18 болып тіркелді.

**Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы Абай аудандық мәслихатының 04.07.2023 № 4/8-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-10 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" 2021 жылғы 5 қарашадағы № 787 қаулысына сәйкес, Абай аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. 2022 жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанды қоса алғанда шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелерінің болу құны 0 (нөл) пайызға бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

*Мәслихат хатшысы*

*Е. Лдибаев*